

Алматы қаласының мәслихаты

VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының кезектен тыс LXX
сессиясының 2020 жылғы 30
қазандағы № 497 шешімі. Алматы
қаласы Әділет департаментінде
2020 жылғы 6 қарашада № 1656
болып тіркелді

Мәслихат г. Алматы

Алматы қаласында тіркелген
Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына
амбулаториялық емдеу
кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде
дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды
қосымша тегін
беру туралы

Ескерту. Тақырыпқа жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 12-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.Н. Садықовқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс LXX
сессиясының төрағасы**

**В.
Банщиков**

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

К. Казанбаев

Алматы қаласы мәслихатының
2020 жылғы 30 қазандағы
№ 497 шешіміне
қосымша

**Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының
жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық
көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы
емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы
тізбесі**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының
18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 143 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер
енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 09.12.2022 № 197 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
09.08.2023 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2024 № 189 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 №
240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.*

Р /с №	Аурулардың атауы	Дәрілік заттардың, арнайы емдік өнімдердің, медициналық бұйымдардың атауы
1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар		
1)	Өкпе гипертензиясы	«Силденафил»
2)	Муковисцидоз	«Тобрамицин» «Нутриэн»
3)	Буллездік эпидермолиз	«Судокрем» «Солкосерил» «Бепантен» «Офломелид офлоксацин» «Октенисепт»
4)	Вегенера Гранулематозы	«Ритуксимаб»
5)	Қысқа ішек синдромы	«Смофкабивен Орталық» «Солувит Н» «Виталипид Н»

		«Аддамель Н» Стерофундин изотоникалық инфузияға арналған ерітінді «ТауролокНер 100» «Тауролок-Урокиназа 25.000»
6)	Бехчет ауруы, Анкилозды спондилоартрит, «Анкилозды спондилит»	«Инфликсимаб» «Секукинумаб»
7)	Фабри ауруы	«Алгасидаза бета»
8)	Ювенилды артрит	«Тоцилизумаб» «Адалимунаб»
9)	Ревматоидты артрит, анкилозды спондилоартрит	«Этанерцепт»
10)	OVERLAP синдромы, ревматоидты артрит көріністерімен дәнекер тінінің біріктіру айкас ауруы, жүйелік склеродерма және жүйелі қызыл жегі	«Бозентан»
11)	Фибрилляция және атриальды діріл	«Ривароксабан»
12)	Остеоартроз	«Эндопротез» (имплант)
13)	Жүйелі қызыл жегі	«Белимунаб» «Ритуксимаб»
14)	Созылмалы тромбоэмболиялық өкпе гипертензиясы	«Риоцигуат»
15)	Көп миелома	«Даратумумаб»
16)	Балалардың церебралды сал ауруы	«а-гемоглутенин типті ботулиндік токсин кешені» (диспорт)
17)	Перинаталдық кезеңде пайда болған бронхопульмональды дисплазия	«Паливизумаб»
18)	Жүйелік склеродерма	«Траклир» «Виагра»
19)	Дюшенн бұлшықет дистрофиясы	«Этеплирсен» «Дефлазакорт» «Голодирсен»
20)	Жұлын бұлшықет атрофиясы	«Нусинерсен» «Рисдиплам»
21)	Жалпыланған остеопороз	«Терипаратид»
22)	Өкпе обыры	«Алектиниб»
23)	1 типті қант диабеті	«Инсулин Гларгин» (Лантус Соло Стар)
24)	Өңештің қатерлі ісігі	«Пембролизумаб»
25)	Симптоматикалық эпилепсия	«Клобазам» «Вигабатрин» «Лакосамид» «Клоназепам» «Сультрам» «Этосуксимид» «Руфинамид» «Мидазолам» «Перампанел» «Тетракозактид»
26)	Мүшелер мен ұлпалар трансплантациядан кейінгі жағдай	«Эверолимус» «Экулизумаб»

27)	Шашыраңқы склероз	«Диметилфумарат»
28)	Шашыраңқы склероз (белсенділігі жоғары склероз)	«Кладрибин»
29)	Өкпе артериялық гипертензиясы	«Селексиаг»
30)	Өкпенің жоғарғы бөлігінің орталық қатерлі ісігі	«Пембролизумаб»
31)	Идиопатиялық өкпе гипертензиясы	«Мацитентан» «Траклир»
32)	Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі	«Физионил 40 глюкозамен»
33)	Фенилкетонурия	«Сапроптерин»
34)	Қимылдай алмайтын адамның синдромы	«Адамның қалыпты иммуноглобулині»
35)	Ойықжаралы колит	«Адалимуаб»
36)	Жүрек жеткіліксіздігі бар гипертониялық жүрек ауруы	«Нинтеданиб»
37)	Фиброз белгілері бар өкпенің интерстициалды ауруы	«Пирфенидон»
38)	Өкпенің араласуы бар полиартерит	«Мабтера»
39)	Созылмалы В-жасушалы лимфоцитарлы лейкоз	«Мабтера»
40)	Гепатоцеллюлярлық карцинома	Атезолизумаб»
41)	Спастикалық церебральды сал ауруы	«Баклофен»
42)	Тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісіну	«Ингибитор C1-эстеразы человеческий»
43)	Кеңейтілген кардиомиопатия	«Валсартан+Сакубитрил» «Эплеренон»
44)	Мисатения	«Сандимун неорал»
45)	Е 88.8 айырбастаудың басқа нақтыланған бұзушылықтары, қышқыл липаза тапшылығы, кеш нысаны. Холстерин эфир- лерінің жинақталу ауруы	«Себелипаза альфа»
46)	Нейрофиброматоз	«Селуметиниб»
47)	Аллергиялық компонент басым демікпе	«Омализуаб»
48)	Вискотт-Олдрич синдромы. Терінің, лимфа түйіндерінің, ге- мопоэтикалық жүйенің зақымдалуымен Лангерганс жасуша- ларының көпжүйелі гистиоцитозы	«Адамның қалыпты иммуноглобулині»
49)	Аорта доғасы синдромы (Такаясу)	«Тоцилизумаб»
50)	Миелодиспластикалық синдром	«Азациитидин»
51)	Туберозды склероз	«Эверолимус»
52)	Крон ауруы	«Инфликсимаб»
53)	Сананың бұзылуымен және екі жақты тоникалық-клоника- лық ұстамалармен фокальді ұстамалары бар симптоматика- лық фокальді эпилепсия. Антиконвульсанттарға төзімділік. Оң жақ төбе бөлігінде түзілуі (ДНЭО-дисембриопластика- лық нейроэпителиальды ісік, ми қыртысының мальформация түрі)	«Финлепсин ретард»
54)	Остеопороз	«Денозумаб»
55)	Ұстамалы гемоглобинурия, түнгі	«Экулизумаб»
56)	Криптогенді ошақты эпилепсия	«Леветирацетам»
57)	Стилл ауруы	«Анакинра»

58)	MELAS синдромы	«Цитруллина малат» «Убидекаренон»
59)	Комплемент жүйесінде басым ақауы бар біріншілік иммун- дық тапшылықтар	«Ланаделумаб»
60)	Асқазан қатерлі ісігі	«Ниволумаб (Опдиво)»
61)	Оң жақ өкпенің жоғарғы бөлігінің орталық ісігі	«Ипилимумаб (Ервой)» және «Ниволумаб (Опдиво)»
62)	Тері меланомасы	«Ипилимумаб (Ервой)» және «Ниволумаб (Опдиво)»
63)	Ходжкиндік емес диффузды ірі В-жасушалы лимфома	«Полатузумаб»
64)	Виллебранд ауруы	«Вилате 500МЕ»
65)	Бронх демікпесі	«Тезепелумаб»
66)	Псориатикалық артропатия	«Гуселькумаб»
67)	Гипофосфатемиялық рахит	«Буросомаб»
68)	Кәмелетке толмаған идиопатиялық артрит	«Тофацитиниб»
69)	Крон ауруы	«Ведолизумаб»
70)	Шашыраңқы склероз	«Офатумумаб»
71)	Прогрессивті жүйелік склероз, жүйелік склеродерма	«Ритуксимаб»
72)	Қалқанша безінің қатерлі ісігі	«Селперкатиниб»
73)	Өкпе қатерлі ісігі	«Селперкатиниб»
74)	Көп ошақты миелома	«Помалидомид»
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі арнайы емдік өнімдер		
1)	Целиакия	«Ұн қоспасы» «Макарон өнімдері» «Кондитерлік өнімдер»
2)	Муковисцидоз	«Залалсыздандырылған нутриэн стандарты» «Нутриэн Энергия» «Нутриэн Стандарт» «Клинутрен, Юниор ұнтақ» «Педиашур, Здравейка»
3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық бұйымдар		
1)	Буллездік эпидермолиз	«Салфеткалар» «Таңғыш» «Бинт»
2)	Қысқа ішек синдромы	«Дискофикс С» үш жүрісті кранымен IntrafixSafe SetLuerLock инфузиялық желісі. 180 сантиметр REF 4063006 (Б. Браун). IntrafixSafe SetLuerLock инфузиялық желісі «Дискофикс С» үш жүрісті кранымен 230 сантиметр REF 4063006 (Б. Браун). Көктамыр ішіне инфузиялық ерітінділерді мөлшерлеуге, ара- ластыруға, құюға және енгізуге арналған инфузиялық және трансфузиялық жүйелер (антифункционалды сүзгісі бар жа- рыққа төзімді ұзартқыш жүйе, көлемі 1,5 миллилитр) MF1646. 150 сантиметрлік Original Perfusor-leitunLuer Lock ұзартқы- шы 4097408 (Б. Браун). Инъекциялық мембранасы бар Ин-стоппер-штепсель 4238010 (Б. Браун). HydrofilmRoll пластырі. Катетерлерді бекітуге арналған Tegaderm CHG стерильді таңғыштары.



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық
актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні	19.09.2025
Сактау күні	03.01.2026
Дата редакции	19.09.2025
Дата скачивания	03.01.2026

	Стерильді салфеткалар. Өздігінен жабысатын стерильді төсегіш.
--	--